

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 04 шілдедегі N 178 қаулысы, Шығыс Қазақстан облысы мәслихатының 2014 жылғы 09 шілдедегі N 20/258-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 шілдеде N 3422 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 3, 8-баптарына және 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес, «Шемонаиха ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы» Шемонаиха аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 12/5-V шешімі мен Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 226 қаулысы негізінде, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) есепті деректерден шығару арқылы өзге қоныстар санатына жатқызылсын:

Волчанка ауылдық округінің Моисеевка ауылы;

Волчанка ауылдық округінің Трехгорное ауылы;

Верх-Уба ауылдық округінің Зауба ауылы;

Разин ауылдық округінің Қазақстан разъезі;

Первомайский кенттік округінің Фестивальная станциясы;

2) елді мекендер шекараларын өзгерту арқылы:

Моисеевка және Трехгорное қоныстары әкімшілік және аумақтық бағынысымен Волчанка ауылдық округі Березовка ауылының құрамына;

Зауба қонысы әкімшілік және аумақтық бағынысымен Верх-Уба ауылдық округі Верх-Уба ауылының құрамына;

Қазақстан қонысы әкімшілік және аумақтық бағынысымен Разин ауылдық округі Красная Шемонаиха ауылының құрамына;

Фестивальная қонысы әкімшілік және аумақтық бағынысымен Первомайский кенттік округі Ново-Ильинка ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы шешім мен қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>төрағасы</i> <i>Л. Цыбенко</i>	<i>С е с с и я</i>	<i>Облыс әкімі</i> <i>Б. Сапарбаев</i>
<i>хатшысы</i> <i>Г. Пинчук</i>	<i>О б л ы с т ы қ</i> <i>м ә с л и х а т</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК